

## Раздел 1

# Машиностроение. Металлургия

ӘОЖ 621.756.03  
Сулондинов М.М.

## Металл балқымасын сұзгілеп тазарту үрдісінің гидравликалық көрсеткіштері

Ғылыми әдістемелік тұрғысынан қарағанда аралас-  
қан бөтен түйіршіктегі бар сұйықты сұзгілеп тазар-  
ту үрдісін сипаттайтын көрсеткіштердің ішінде оның  
гидравликалық жағын бөліп жеке қарастырудың  
манызы ерекше. Сұзгілеу үрдісінің негізінде кеуекті  
дененің ішімен сұзіліп ағу (фильтрация) үрдісі жатка-  
ны белгілі. Құйма бөлшектер жасау өндірісінде құю  
жүйесінің арнасына орнатылатын сұзгі сұйық металл  
ағынын тәжеу арқылы құю режимін бұзу қауіпін туды-  
рып, іске жарамды құйма алуын өзін екітілай мәселе-  
леге айналдырады. Осыдан сұзгілеу үрдісінің жылдам-  
дығы  $\vartheta_c$  өзінің маңыздылығы бойынша бірінші орын-  
ға шығып отырған көрсеткіш екенін көреміз.

Сұзгілеу жылдамдығы екі түрлі әрекетімен маңызды болады. Біріншіден, сұзгілеу жылдамдығының сұз-  
гінің металл емес кірінділерді ұсташа үрдісіне тигізер  
әсері бар. Бұл мәселені терендей қарастырғанда зерттеушілер екі түрлі пікірге ойысады. Біреулері сұзгілеу  
жылдамдығы темен болса кірінділердің тұтылу үрдісі  
жақсара түседі десе, екіншілері оған кері ұстанымды  
байқатады. Дегенмен бірінші топтағылардың саны көбірек.  
Екіншіден, сұзгілеу жылдамдығы металды құю  
жылдамдығына тікелей ықпал ететінін білеміз. Ал,  
құю жылдамдығы болса артық-кемі жоқ белгілі бір  
онтايлы шамада болуы керек екені мәлім.

Drexel университетінің (Філадельфия, АҚШ) ға-  
лымдары [1] сұзгілеу жылдамдығы мен кірінділерден

тазарту тиімділігі арасындағы байланысты келесідей математикалық өрнек түрінде береді:

$$\eta = 1 - \exp\left[\frac{Ko}{\vartheta_c} L\right],$$

мұнда  $\eta$  – тазарту тиімділігінің коэффициенті;

$Ko$  – кинетикалық көрсеткіш коэффициенті;

$\vartheta_c$  – сұзгілеу жылдамдығы;

$L$  – сұзгі қалындығы.

Бұл өрнектен сұзгілеу жылдамдығы өсken сайын тазарту тиімділігі төмендей беретінін көреміз. Тәжірибелік зерттеулерде [1]  $\vartheta_c < 0,05$  шамасында ұсташаңда  $\eta$  мәні 1-ге ұмтылатыны, ал сұзгілеу жылдамдығы өссе келе 0,7 см/с жеткенде сұзгінің кірінділерден тазарту тиімділігі екі еседей төмендей кететіні ( $\eta=0,5...0,6$ ) анықталған. Басқа тәжірибеде [2]  $\vartheta_c$  мәні 0,2 см/с-тен 0,5 см/с-ке дейін өзгергенде  $\eta$  мәні 45%-дан 20%-ға төмендегені тіркелген. Сонымен катар  $Ko$  коэффициентіне көніл аударған жөн. Себебі ол да өз кезегінде сұзгілеу жылдамдығына тәуелді екен.  $\vartheta_c$  өсken сайын  $Ko$  де онымен бірге өсетіні көрсетілген. Ол дегеніміз сұзгілеу жылдамдығы  $\vartheta_c$  кинетикалық коэффициент  $Ko$  арқылы сұзгілеу тиімділігіне оң әсерін тигізеді деген сөз. Бұл қайшылықка берілген түсінік бойынша сұзгілеу жылдамдығы үлкейгенде, біріншіден, уақыт бірлігі аралығында сұзгіге келіп тұратын кірінділер мөлшері арта түседі екен, ал екіншіден, инерциалық

массасы көп ірі кірінді түйірлері ағын траекториясынан өз екпінімен ауытқып сұзгі бетіне бағытталуы күшіне бермек. Балқыманы тиімді түрде тазарту үшін сұзгілеу жылдамдығы өте аз  $\vartheta_C < 0,01$  м/с, немесе үлкен  $\vartheta_C > 0,1$  м/с болуы керек деген тұжырым бар [5]. Жылдамдық аз болған сайын кірінді түйіршіктегі седиментациялық ығысу жолымен көбірек ұсталса, жылдамдық көп болғанда центрден тепкіш күштердің және жылдамдық градиенті есептің ығысын ағыннан белініп шығады. Сұзгілеу жылдамдығы 7-8 см/с асқанда майда түйіршіктерден тазарту тиімділігі едәуір нашарлап кететіні де айтылады кейбір жарияланымда [4]. Жапон зерттеушілерінің деректеріне сілтеме жасаған авторлар [6] сұзгілеу тиімділігі  $\vartheta_C < 1$  см/с аймағында 75-90%,  $\vartheta_C = 1\dots 8$  см/с аралығында ен тәмен дengейден өтіп,  $\vartheta_C = 8$  см/с асқанда 40-50%-ға көтеріледі дей келе, керек болған жағдайда жылдамдығы жоғары құю үрдісінде де тиімді дәрежеде сұзгілеу қолдануға болатынын жеткізеді.

Сұзгілеу жылдамдығының өзі құю үрдісіндегі жалпы арын  $H$ , құю жүйесінің арналарындағы кедергілер  $\zeta_c$ , сұзгінің өз кедергісі  $\zeta_c$  сиякты көрсеткіштерге тәуелді болады. Сұзгіні зерттеушілердің деректерінде оның жұмысын сипаттайтын көрсеткіш ретінде сұзгілеу кезінде болатын арын шығыны  $\Delta p$  (немесе  $\Delta h$ ) туралы айтылады. Өз кезеңінде арын шығыны  $\Delta h$  мен сұзгі кедергісі  $\zeta_c$  сұзгінің қалындығына  $L$  тәуелді.


Сұзгінің қалындығы  $L$  сұзгі жұмысының тиімділігіне он әсер ететіні жоғарыда айтылды. Қалындығы үлкейтген сайын сұзгіден өткен металл бойындағы кірінділер азая бермек. Отка төзімді материалдардың түйірлерінен тұратын қалындығы 45,7 см сұзгі [1] өзірге ең қалың сұзгі деп айтуда келеді. Темір тотығының және металл түріндегі алюминийдің көмегімен оттекіздендірілген Ст10 болатын сұзгілеп оны жалпы оттегінен тазарту тәжірибелерінде [2] сұзгі қалындығын 22 мм-ден 88 мм-ге дейін өзгертукенде қалдық оттегінің мөлшері 0,62-ден 0,18-ге дейін, немесе 3,5 есе азайған. Дегенмен, сұзгі қалындығын аса үлкейте берудің қажетсіздігін айта кеткен. Зерттеушілердің мәлімдеуінше [3,4] сұзгіні қабат-қабаттарға бөліп қарастырылғанда оның әр қабатының тиімділігі әртурлі болып шыққан. Тұтылған кірінділердин басым белігі алдыңғы қабаттарда жиналып қалады. Мысалы,  $L = 35$  мм болғанда кірінділердің басым белігі 5-7 мм терендікте жиналған [3]. 10-15 мм қалындықтан ері қарай тұтылған кірінділер жоқтын қасы. Басқа зерттеулерде [4] ірі кірінділер мен тотық қабыршактарының 50%-ы жоғары 15 мм қабатта, 75%-ы 35мм терендікте, ал тек 5%-ы ғана соңғы 20-25 мм қабатта табылған. Осылың соңынан, балқымаларды сұзгілеуге қалындығы 20-30 мм сұзгі қолдануға әбден болады деп қорытындылаған. [5] макалада есептеу жолымен қалындығы 40 мм сұзгі қабатын қолданып өлшемдері 40 мкм түйіршіктегі түгелдей (100%), 20 мкм түйіршіктердің 70%-ын, 10 мкм түйіршіктердің 20%-ын тазартуға болатыны көрсетілген. Бұл балқыма бойындағы барлық кірінділердің 63%-ын құрайды. Сұзгі қалындығын 80 мм-ге жеткізгенде сұзгілеу тиімділігі 80%-ға жақындейтыны сондай графиттерден көрініп түр. Мұндағы сұзгі қалындығын кішірейтіп 20...25 мм етіп алғанда балқы-

маны тазарту тиімділігі 55...60% шамасында болатыны байкалды. Оның өзінде 40 мкм кірінділердің 95%-ы, 20 мкм кірінділердің 2/3 бөлігі ұсталады.

Сұзгі кедергісінің  $\zeta_c$  тәуелді болатын факторы ондағы тесіктер мен кеүек арналардың өлшемі немесе диаметрі  $d_{meo}$ . Ен көп қолданылатын көбіккераамикалық сұзгілердің (1,а – сурет) ішкі арналарының белгілі бір тұракты пішіні мен өлшемі жоқ, бұралан-қалтарыстары көп және тарылып-көнсөйіп отырады. Орташа есептеп алғанда кеүек арналарының бір құсы мен екінші құсын жалғайтын терезесінің диаметрі үш түрлі сұзгіде 1270, 760 және 560 мкм немесе 1,27...0,56 мм құрайды [6]. Кеүек құystарының өлшемі 0,83-тен 2,5 мм-ге дейін.

Үялғанда сұзгі торлардың (1,ә – сурет) тесіктері (үясы) дұрыс геометриялық пішіндегі цилиндр немесе призма түрінде орындалады да орналасу жиілігі 1 см<sup>2</sup> аумағында 8-ден 64-ке дейін, ал ең тығыз орналасқанда диаметрі 1мм болып келеді. Тесіктерінің диаметрі 5 мм-ден үлкен сұзгілер де кездеседі (1,ғ – сурет).

Бұрынғы КСРО аумағында кең тараған, сонымен бірге әлі де қолданыста жүрген «Фирам-процесс» үрдісінде тесіктері 0,6×0,6 мм-ден 1,7×1,7 мм-ге дейін болатын шыныматалы сұзгілер (1,б – сурет) пайдаланады. Отқа төзімді материалдар түйірлерінен төсөлтөн сұзгілер де көбіккераамикалық сұзгіге ұқсас, түйірлердің арасындағы ашық қалған, бір-бірімен жалғаскан сан-алуан пішінді санылаудардан құралатын арналарға ие. Олардың белгілі болып отырған ең кіші түйірлерінің диаметрі 1,0...1,6 мм [3] болса, металл балқымаларын тазартуға түйірлері 2...3 мм сұзгілерді қолдану ете сирек кездесетін жағдай екені де айтылады [4]. Демек, тиімді диаметрі 1 мм-ден кіші арналар мұндай сұзгілерде кездесе бермейді. Тиімді диаметрі 2...6 мм аралығында жататын, түйірлерінің диаметрі 5...15 мм сұзгілерді пайдалану ұтымды деген пікір айтылып жүр [5]. Әрине, сұзгі тесіктері тар болған сайын сұзгілеу тиімділігі, бөліп айтқанда «елек» механизмі арқылы тазарту арта түсетіні анық. Дей түрганмен, сұзгі тесіктері мен арналарының диаметрлерін одан әрі кішірейтуге одан металл балқымасының өтпей қалу қауіпі шек қоятынын ескеру керек. Олай болмаған күнде сұзгі кедергісі  $\zeta_c$  орасан үлкен мәнге ие болып, құю режімін сақтау үшін гидростатикалық арын  $H$  да тым үлкейіп кетеді. Тым үлкен арын сұзгіге қатты салмақ түсіріп, оны үгітіп те жіберуі мүмкін.




1 – сурет

Сүзгілеу кезіндегі металл ағысын сипаттайтын маңызды гидравикалық көрсеткіштің бірі – ағын режимі. Сүзгілеу режімі турбулентті болғанда майда кірінділерден, ал ламинарлы болса ірі кірінділер мен тотық қабықшаларынан тиімді тазартуға жағдай жасалатыны айтылған [4]. Балқыма бойында кірінділердің майдасы мен ірісі бірге кездесетіндіктен турбулентті және ламинарлы режімдер косарласып жататын өтпелі режимді пайдаланған ұтымды болады деп көрсетеді. Сүзгілеу үрдісі ламинарлы режимде өтуі үшін Рейнольдс критерий өте аз болуы керек,  $Re < 2 \dots 10$ . Бірақ, оның накты шамасы  $Re = 45 \dots 700$  екені бұл режимнің мүмкін еместігіне нұскайды. Оған коса бұралан тесікті сүзгілерде ламинарлықты бұзатын тосын өзгерістер көп болатыны белгілі.

Сүзгілеу режимінің ламинарлықтан алшақ болуы зерттеулер бағытын түбектелі өзгертертін жәйт екенін басып айткан жән. Ыңғайлы болғандықтан сүзгілеу үрдісін математикалық өрнектеуге жаппай қолданып жүрген Дарси заңы тек қана ламинарлық ағынға арналып, сүзгіден өткенде жоғалатын арын шығынын ағын жылдамдығының бірінші дәрежесіне пропорционал деп есептейді. Құйма бөлшектер өндірісіндегі құю жүйесінде ағын жылдамдығы үлкен, жергілікті кедергілер бір-біріне жақын орналасқандықтан онда әбден дамыған турбуленттік режим орныққан. Мұнда ламинарлық Дарси заңына жүгіну үлкен олқылықтарға апарады. Құю жүйесіне қойылған сүзгі ағын жылдамдығының екінші дәрежесінде пропорционалды арын шығынын береді деп күту орынды болмақ.

Зертханалық тәжірибелерде сүзгілердің ағынға есерін тексеріп, ондағы арын шығынының сүзгілеу жылдамдығына тәуелділігінің сипатын және сол арқылы сүзгілеу режимін анықтауды мақсат етіп қойдық. Тәжірибе нағайкалады 2-суретте берілген.



2 – сурет

Суреттегі графиктер төрт топқа бөлінген жеті сүзгі туралы мәлімет береді: баспалап тесілген керамикалық сүзгі торлар (1, 4 сызықтар); шыныматалы сүзгі тор (2 сызық); кеуек құрылымды көбіккераамикалық сүзгілер (3, 5, 6 сызықтар) және экструзиялық жолмен алынған керамикалық ұялы сүзгі тор (7 сызық). Осылардың екеуі органикалық шыныдан жасалған жасанды сынак үлгісі (модель) түрінде, ал бесеуі өндірісте қолданылатын табиги түрінде алынды. Сүзгілердің толық сипаттамасы кестеде көлтірілген.

Тәжірибеден алынған нүктелер бойымен жүргізілген аппроксимациялаушы сызықтар параболалық сипатын көрсетіп тұр. Ал, сол сызыктардың алтауының (1, 2, 3, 5, 6, 7 сызықтар) математикалық өрнектерінің дәрежелері 1,8251...1,967 аралығында жатыр. Бұл сандар 2 дәрежесіне тиіп тұр деп айтуда болады. Осыдан сүзгілеу үрдісінің гидравикалық режимі ламинарлықтан тым алшақ, ал көрініше турбуленттікке аса жақын деген маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік алынып тұр. Басқалардан ерекшеленіп шыққан 4-сүзгінің өзінде парабола дәрежесі 1,5751-ге тең болып турбулентті аймакқа қарай ойысқан. Демек, сүзгілерден өткенде жоғалатын арын шығынын сүзгілеу жылдамдығының квадратына пропорционалды деп алып, сүзгінің өзін құю жүйесіндегі кедергілердің қатарындағы тағы бір жергілікті кедергі ретінде қарастыруға болады екен. Мұның өзі құю жүйесін есептеуді жөнілдететіні сөзсіз.

Графиктерден (2-суретті қараңыз) көрсетініміз сүзгілердің көрсеткіштерінің бір-бірінен орасан зор айырмашылығы. Сүзгілеу жылдамдығы 40 см/с болғанда сүзгілердегі арын шығыны 4 см-ден (экструзиялық сүзгі тор, 7 сызық) 35 см-ге (баспаланған сүзгі тор, 1 сызық) дейін 9 есе өзін өзгереді екен. Сейте тұра кестеге назар аударсақ тым үлкен кедергі жасап тұрған 1-сүзгінің тесіктері (кіші диаметрі 2,5 мм) кедергісі ең аз деген 7- сүзгінің тесіктерінен ( $2,08 \times 2,08$  мм) үлкенірек болып тұр. Бұл болса іс жүзінде сүзгілерді таңдау кезінде олардың гидравикалық кедергісіне мұқият қарауды талап етеді. Кейбір сүзгілердің тесіктері үлкен болғанмен ағынды жөніл өткізе қоймайтынын көреміз.

Осы макаланың басында бөліп айткан сүзгілеу жылдамдығына келетін болсақ, құйма өндірісіндегі құю режимін сактау тұрғысынан қарағанда оның мәні жоғарыда көлтірілген әдебиет деректерінен біршама артық болып тұрады. Құю жүйесі аумағында 0,01...1 см/с арасындағы сүзгілеу жылдамдығын камтамасыз ету онай шаруа емес. Оған тек сүзгіні үстінгі қалыптың жоғарғы бетінде орналасқан құю тостағанына қойып барып қана жақындауға болады. Ал енді, тік-түтіктің астындағы немесе одан кейінгі арналарда орналасқан сүзгіден өтетін ағын жылдамдығы ең кем дегендे 10 см/с, әйтпесе одан едәуір үлкен екенін дәлелдеу қын емес.

Сөз соңында құю жүйесінің арналарында тұратын сүзгілердің қалындығы да шектеулі болатынын айта кету керек. Ең қалыңы 25 мм. Одан қалың болса ағынды тәжеккүштің күшінде 25% болады. Одан қалың болса ағынды тәжеккүштің күшінде 25% болады. Қорыта келе, әдебиеттегі деректердің барлығы дерлік зертхана жағдайында ерекше әдістемелермен алынғаны көрінеді. Олардың басты ерекшелігі, әртүрлі материалдардан жасалған

сүзгілердің балқымаларды кірінділерден тазарту мүмкіндігі мен механизмін ашып көрсете болған. Осыдан, әдебиетте берілген күнды деректерді гидравликалық

сипаттамалары жағынан оқшау тұрған қую жүйесіндегі сүзгілеу үрдісіне тікелей көшіре салуға келмейтініне көз жеткіздік.

### Тәжірибеде сыналған сүзгілер сипаттамасы

2 – суреттегі орыны	Сүзгі атауы	Тесіктерінің елшемі/сипаты	Сүзгі қалыптығы, мм	Материалы
1-сызық	Баспаланған сүзгі торлар (1 сур., г).	3,5/2,5мм/кенитін конус	10	Органикалық шыны
2-сызық	Шыныматалы сүзгі тор (1сур., б).	1,5×1,5мм/квадрат	1...1,5	Шыныматалы жінгер
3-сызық	Көбіккераимикалық кеуек сүзгі (1сур., а).	6 тес/см/кеуек	23	Көбіктенген керамика
4-сызық	Баспаланған сүзгі торлар(1 сур., г).	2,5/3,5мм/тарылатын тесік		Керамика
5-сызық	Көбіккераимикалық кеуек сүзгі(1 сур., а).	4 тес/см/кеуек, будыр бет	22	Көбіктенген керамика
6-сызық	Көбіккераимикалық кеуек сүзгі(1 сур., а).	4 тес/см/кеуек, тегіс бет	21	Көбіктенген керамика
7-сызық	Экструзиялық ұялы сүзгі тор(1 сур., а).	2,08×2,08 мм/квадрат	13	Керамика

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Apelian, D. and Mutharasan, R. // Jurnal of metals, 1980, N 9, p.14-18.
- Суворов С.А., Тебуев Н.Б. Моделирование процесса фильтрации расплавов металлов // Огнеупоры. 1991. № 9. С. 17-20.
- Волков В.А. Разработка процесса очистки от взвешенных примесей жидких сплавов на основе цинка и олова путем фильтрования Дис. ... канд. техн. наук. М., 1982.
- Курдюмов А.В. и др. Флюсовая обработка и фильтрование алюминиевых расплавов. М.: Металлургия, 1980. 196 с.
- Тен Э.Б., Киманов Б.М., Ким В.А. Обобщенная оценка эффективности осаждения неметаллических частиц на поверхности фильтра // Тр. междунар. науч. конф. «Наука и образование – ведущий фактор стратегии «Казахстан – 2030» (Сагиновские чтения № 2). Караганда, 2010. Ч. 3. С. 138-140.
- Хаммершмид П., Янке Д. Удаление неметаллических включений фильтрованием расплавов стали // Черные металлы. 1988. № 5. С. 16-25.
- Чугаев Р.Р. Гидравлика. Л.: Энергоиздат. Ленинградское изд-ние, 1982. 672 с.

УДК 669.168

**МУХАМБЕТТАЛЫЕВ Е.Н.,  
БАЙСАНОВ С.О.,  
ЧЕНИМБАЕВ А.Ф.,  
БАЙСАНОВ А.С.**

### Возможность и перспективы получения нового комплексного ферросплава – алюмосиликомарганца

Обработка жидкого металла в ковше ферросплавами с целью его легирования, модификации и раскисления остается одним из основных методов воздействия на качество сталей и чугунов. Переход сталеплавильного производства на новый уровень, связанный с повышением качества продукции, требует выпуска эффективных ферросплавов нового поколения, а также пригодных для обработки металла в ковше. Наиболее перспективными для этих целей являются комплексные сплавы. Так как практически основная масса сталеплавильной продукции раскисляется и легируется кремнием, алюминием и марганцем, то получение сплавов, содержащих данные элементы в комплексе, – является одним из актуальных направлений [1, 2].

Применение такого сплава одновременно решает проблему совместного раскисления и легирования стали. Из литературных источников известно, что ранее проводились опытные испытания по выплавке сплава алюминий-марганец-кремний (АМС) бесшлаковым способом. Для выплавки сплава АМС использовались марганцевые руды и высокозольные угли. При использовании углей Экибастузского угольного бассейна в ходе плавки из руды восстанавливается марганец, а из пустой породы и золы угля – кремний и алюминий [3].

Шихта для выплавки сплава АМС имела следую-

щий состав, масс. %:

- экибастузский уголь 52-56;
- марганцевая руда 44-47.

Сплав АМС, полученный при электротермической плавке джездинской марганцевой руды с использованием в качестве восстановителя экибастузского угля, имел следующий состав: 25-40 % Mn; 30-40 % Si; 6-12 % Al; 0,8-1,25 % P; Fe – остальное.

Применение сплава АМС, выплавляемого электротермическим способом из марганцевых руд и энергетических углей для раскисления спокойных марок стали взамен обычного применяемых раскислителей, показало его эффективность благодаря комплексности состава.

Несмотря на вышеизложенные преимущества, сплав АМС по ранее разработанной технологии после выпуска при остывании обычно рассыпался до порошкообразного состояния. Порошкообразный сплав надо было брикетировать, то есть появлялись дополнительные затраты.

Из-за непостоянства состава сплава и непривязанности содержания хотя бы одного из ведущих элементов (марганца или кремния) к количеству в стандартных (традиционных) ферросплавах (силикомарганец или ферросилиций) он не получил широкого внедрения в сталеплавильной промышленности.